

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
комерциялық емес акционерлік қоғамы**



БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы – Ректор

А. Күрішбаев

2024 ж.

**Клубтар мен үйірмелер туралы
ЕРЕЖЕ**

Е ҚазҰАЗУ КмҰ - 406

Келісілді

Сапа бойынша басшылық өкілі

М. Алексеева

Алматы, 2024

Дайындағандар:

А. Ералиева, А. Сманов

Осы Ереже Жастар жұмысы жөніндегі Комитет жанындағы клубтар мен үйірмелердің мақсаттары мен міндеттерін, қызметінің бағыттары мен ұйымдастырылуын, жұмысына басшылық жасауын айқындайды.

Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген, 2024 жылғы 01 наурыздағы №9 хаттама.

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Клубтар мен үйірмелердің мақсаттары мен міндеттері	4
3. Клубтар мен үйірмелер қызметінің бағыттары.....	5
4. Клубтар мен үйірмелердің қызметін ұйымдастыру	5
5. Клубтар мен үйірмелердің жұмысын басқару.....	6
6. Қорытынды ережелер.....	6

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Университет) клубтары мен үйірмелері - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін, ұйымдастырушылық және көшбасшылық қабілеттерін дамытуды жүзеге асыратын жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған білім алушылардың ерікті бірлестіктері.

1.2 Өз қызметінде клубтар мен үйірмелер Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясатының Тұжырымдамасын, «Қазақстан Республикасында тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік Ұсынымдарды», «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқитын студент жастарды көрсеткен патриотизмі және белсенді азаматтық ұстанымы үшін марапаттау Қағидаларын», Университет Жарғысымен, тәрбие жұмысы жөніндегі Департаментінің Ережесін, Жастар жұмысы жөніндегі Комитеттің Ережесін, студенттік өзін-өзі басқару туралы Ережені, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.3 Клубтар мен үйірмелердің қызметін үйлестіруді, Жастар жұмысы жөніндегі Комитет жүзеге асырады.

1.4 Клубтар мен үйірмелердің жұмыс режимі университеттің ішкі еңбек тәртібі ережелерімен анықталады.

1.5 Клубтар мен үйірмелер білім алушылардың қызығушылықтары бойынша шығармашылық бірлестіктердің жұмысын ұйымдастырады: үйірмелер, бірлестіктер, студиялар, ансамбльдер, театрлар және т. б.

1.6 Білім алушыларды клуб немесе үйірме мүшелерінің қатарына қабылдау туралы шешімді бірлестік басшысы қабылдайды. Даулы жағдайларда шешімді жастар жұмысы жөніндегі Комитеттің жетекшісі қабылдайды.

1.7 Клубтың немесе үйірменің басшысымен толықтыру аяқталғаннан кейін: бірлестіктің сандық құрамы және сабақтардың ұзақтығы (қызметтің сипатына, бағдарламаға, жұмыс жағдайларына, материалдық базаның болуына қарай) бекітіледі. Сабақ кестесін студенттік/ шығармашылық клубтың немесе үйірменің жетекшісі/үйлестірушісі құрайды.

1.8 Ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және кадрлық база, қоғамдық байланыстар мен қатынастар деңгейі бойынша клуб немесе үйірме көпсалалы болып табылады, яғни әртүрлі түрлер мен жанрлардың мәдени-шығармашылық, ағартушылық және бос уақыт қызметін қолдау мен дамытуды қамтамасыз етеді.

2. КЛУБТАР МЕН ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

2.1 Клубтар мен үйірмелер қызметінің мақсаты білім алушылардың шығармашылық және кәсіби салада өзін-өзі еңбек етуге баулуды жүзеге асыруына ықпал ететін жағдайлар жасау болып табылады.

2.2 Клубтар мен үйірмелер қызметінің негізгі міндеттері:

- білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу және іске асыру үшін жағдай жасау, университеттің шығармашылық және мәдени қызметін ұйымдастыру және үйлестіру;

- білім алушылардың шығармашылық активін қалыптастыру, құру, шығармашылық активпен жұмыс;
- жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға ықпал ететін мәдени-бұқаралық іс-шаралар нысандарын әзірлеу және жүзеге асыру;
- орындаушылық мәдениетті қалыптастыру және білім алушылардың эстетикалық талғамын дамыту;
- ҚР қалаларының жастар және басқа да қоғамдық бірлестіктерімен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен және мемлекетаралық бірлестіктермен ынтымақтастықты ұйымдастыру.

3. КЛУБТАР МЕН ҮЙРМЕЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ

3.1 Қызмет бағыттары осы Ережеде және жастар Комитет жөніндегі комитеттің, тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің жұмыс жоспарларында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қалыптастырылады.

3.2 Қызметтің негізгі бағыттары:

- білім алушыларды көркем шығармашылықпен көбірек қамту мақсатында жұмыс істеп тұрған ұжымдар, ансамбльдер, қызығушылықтар бойынша үйірмелер, шығармашылық топтар туралы білім алушыларды хабардар ету;
- университетте бос уақытты, әлеуметтік-тәрбие қызметін ұйымдастыру;
- білім алушылардың бос уақытын ұйымдастырудың жаңа нысандарын іздеу және пайдалану;
- студенттерді жеке мүдделерді ескере отырып, әлеуметтік-тәрбиелік бағыттағы сабақтардың әртүрлі түрлеріне тарту;
- білім алушылардың мәдени сұраныстарын, рухани қажеттіліктерін қалыптастыру және қанағаттандыру, бастамасын дамыту және шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін жағдайлар жасау;
- білім алушыларды түрлі деңгейдегі байқауларды, конкурстарды, фестивальдерді және басқа да мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, оның ішінде онлайн-режимде қатысуға тарту;
- мүдделер бойынша клубтар мен үйірмелердің ұйымдастырылуы мен қызметіне жәрдемдесу.

4. КЛУБТАР МЕН ҮЙРМЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1 Клуб немесе үйірме университет білім алушыларының қалауы бойынша және жастар жұмысы жөніндегі Комитет жетекшісінің шешімі бойынша құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады. Клубқа немесе үйірмеге сабақ немесе жиналыс өткізуге арналған үй-жай беріледі, ол қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етіледі.

4.2 Шығармашылық үйірмелерде сабақтар жүйелі түрде аптасына кемінде 6 оқу сағаты (оқу сағаты - 45 минут) топтық және аптасына кемінде 3 оқу сағаты ұжым қатысушыларымен жеке жұмыс жүргізіледі.

4.3 Клубқа/үйірмеге қатысушыларды қабылдау және шығару тәртібі ұжым мүшелерінің көркемдік мүдделер қауымдастығына және бірлескен шығармашылық қызметке негізделген ерікті бірлестігі пайымдауларына сүйене отырып жүзеге асырылады. Қатысушылар құрамының санын сақтау ұжым жұмысының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады және Департаменттің ағымдағы жылға арналған тәрбие жұмысы жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес регламенттеледі.

4.4 Әрбір клубтың /үйірменің қызметі бірлестік қызметінің ерекшелігіне сәйкес жеке Ережеге жазылады.

5. КЛУБТАР МЕН ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН БАСҚАРУ

5.1 Клубтар мен үйірмелерді басқарушы органдар тәрбие жұмысы жөніндегі Департамент, жастар жұмысы жөніндегі Комитет, университеттің студенттік өзін-өзі басқару кеңесі болып табылады.

5.2 Шығармашылық үйірмені (ансамбль, оркестр, би тобы және т.б.) жастар жұмысы жөніндегі комитеттің маманы басқарады. Оның міндеттері Жеке Ережеде және лауазымдық нұсқаулықта жазылады.

5.3 Студенттік клубтың қызметін белсенді студенттер қатарынан оның үйлестірушісі ұйымдастырады, ол жалпы жиналыста оның мүшелері арасынан 1 жыл мерзімге сайланады. Жалпы басшылықты жастар жұмысы жөніндегі Комитет жүзеге асырады.

5.4 Үйірме басшылары үйірмелерге қатысушыларды іріктеп, дайындық дәрежесі бойынша топтар құрады. Жыл сайын 1 курс студенттері арасында «Алло, біз талантты іздейміз!» жұмыс істеп тұрған үйірмелер мен шығармашылық ұжымдарға (би тобы, «Алтын дән» ВИА, домбыра ансамблі, оркестр, «Дәстүрлі ән», «Вокал», «Эстрадалық ән» үйірмелері және т.б.) қабылдау үшін.

5.5 Шығармашылық үйірменің қызметін қамтамасыз ету үшін оның жетекшісі - жастар жұмысы Комитетінің маманы «Үйірме туралы Ережені», жұмыс жоспарларын, бағдарламаларды, репертуарды, дайындық кестесін әзірлейді, сабаққа қатысу журналын, есептерді және т. б. жүргізеді.

5.6 жастар жұмысы жөніндегі Комитеттің маманы қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен жұмысқа қабылданады және одан босатылады.

5.7 Клубтың немесе үйірменің басшысы оқу-тәрбие, шығармашылық жұмысты, даму бағдарламасын, ұжым қызметінің мазмұнын ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Клуб/үйірме жұмысына белсенді қатысқаны үшін мүшелер алғыс хаттармен, Басқарма Төрағасы - Ректордың құрмет грамоталарымен, сыйлықтармен, бағалы сыйлықтармен марапатталуы мүмкін.

6.2 Клуб немесе үйірме клуб/үйірме мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін, егер бұл шешімге клуб/үйірме мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі дауыс берсе.

6.3 Осы Ереже университеттің Басқарма Төрағасы - Ректор бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

6.4 осы Ережені, сондай-ақ оған енгізілген барлық өзгерістерді Басқарма Төрағасы - Ректор бекітеді.